

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

- учеб. занятий и для самостоят. работы). 3-е изд. – М.: Едиториал УРСС, 2005. – 158 с.
3. Комиссаров В.Н. Современное переводоведение: Учеб. пособие – М.: ЭТС, 2004. – 420 с.
4. Миньяр-Белоручев Р.К. Теория и методы перевода – М.: Московский лицей, –1996.
5. Рецкер Я. И. Теория перевода и переводческая практика. – М.: Р. Валент, 2004. – 240 с.
6. Федоров А.В. Основы общей теории перевода (лингвистические проблемы): Для институтов и факультетов иностр. языков. Учеб. пособие. – 5-е изд. – СПб.: Филологический факультет СПбГУ; М.: ООО "Издательский Дом "ФИЛОЛОГИЯ ТРИ", 2002. - 416 с.

УДК 81'253

МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС - ТҮРЛІ МӘДЕНИЕТ ИЕЛЕРІНІҢ АРАСЫНДЫҒЫ ТІЛДІК ҚАТЫНАС ҚҰРАЛЫ

Наушабек Динара Нұрлыбекқызы

dinara.naushabeka@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Аударма ісі» мамандығының студенті, Астана,
Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Бескемер А.

Жаһандануға түбегейлі бет бұрған бүгінгі қоғамда әлемдік аренадағы өзара экономикалық, қоғамдық-саяси, әлеуметтік қатынастармен қатар ұлтаралық, мәдениетаралық қатынастар да аясын кеңейтіп, нығаюда. Осы бір әлемдік үдерістен кеш қалғысы келмегендер бүгінде ел игілігіне еңбек ету мақсатында шекара асып білім алып, тіл меңгеруде. Қоғамда өз орнын тауып, өзге ұлтты тереңірек білу үшін тек оның тілін біліп, сол тілде сөйлей білу жеткіліксіз екендігін өмірдің өзі дәлелдеді. Мұның өзі лингвистикадағы антропоцентристік парадигма аясында қарастырылатын жаңа лингвомәдениеттану және мәдениетаралық қарым-қатынас бағыттарының қалыптасуына алып келді.

Лингвомәдениеттанудың басты зерттеу нысаны - өзара тығыз байланыста болатын және бірін бірі толықтырып отыратын, өзара сабақтас тіл және мәдениет. Кез келген елдің тілі мен мәдениеті өз деңгейінде күрделі де, сан қырлы сипатта болып келеді және ол әлемнің тілдік бейнесін жасауға негіз болады. Ал әлемдегі халықтар мен мәдениеттердің өзара қарым-қатынас орнатып түсінісуі мәдениетаралық қарым-қатынас теориясының пайда болуына негіз болды.

Жоғарыда айтып өткендей, мәдениетаралық қарым-қатынас екі құрамдастастан – тіл мен мәдениеттен тұрады. Тіл мен мәдениет өзара тұтас дүние, ал тілді мәдениетаралық қатысым негізінде оқыту тиімділігі өз бағасын алғалы қашан. Е.Н. Нұрахметов “Тіл – мәдениеттің тарихын, салт-дәстүрін сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа беру арқылы белгілі бір ұлтты құрайтын ең негізгі және ең күшті қару” деген ойымен тілдің мәдениеттегі орнын анықтап берсе, Құнанбаева С.С. тілді жалпы адамзат мәдениетінің трансляторы ретінде қарастырады. Яғни тілді оқытуда тілдің мәдениеттанымдық және когнитивтік- коммуникативтік қызметтеріне баса назар аудару қажет. Ғалым пікірінше, “қазіргі кезеңде көптеген ғылыми еңбектерде мәдениетаралық қарым-қатынастың аспектілері ретінде «тіл-сана-мәдениет» қарастырылуда.

Тіл – белгілі бір адамдар ұжымының мүшелерінің негізгі және аса маңызды қатынас құралы болып табылатын жүйелердің бірі болып қоймай, сондай-ақ ойды дамыту мәдени – тарихи дәстүрлерді ұрпақтан – ұрпаққа жеткізудің құралы. Тіл – бұл басқа адамдармен араласу құралы, себебі біз әдетте кез-келген адаммен көбінесе тіл арқылы байланыс жасаймыз. Тіл және мәдениет арасында үлкен байланыс бар, ал тіл де, мәдениет те бір халыққа тиісті болса, соның әсері көбірек болады. Демек, мәдениет социологиясы саласында,

ірі американдық маман Н.Смелзер айтқандай,—мәдениеттің барлық элементтері ең алдымен тілмен жеткізіледі.

Адамзаттың мәдени және этникалық сан алуандығы пайда болғанына қанша уақыт өтсе, содан бері өзге мәдениет пен оның өкілдерін түсінуге, мәдени айырмашылықтар мен ұқсастықтарды ажыратуға талпыныс жасалуда.

Мәдениетаралық қарым-қатынаста коммуникант өзін еркін сезіну үшін өзімен тілдік қарым-қатынасқа түскен өзге ұлт өкілінің тек тілін ғана емес, сол ұлттың (елдің) мәдениетін, салт-дәстүрін, ұлттық мінез-құлқын білуге тиіс. Бұл мәселе көптеген ғалымдардың (Е.М.Верещагин, В.Г.Костомаров, Т.Г.Грушиевидская, В.Д.Попков, А.П.Садохин, С.Г.Тер-Минасова, С.Г.Агапова, Е.В.Милосердова, П.В.Сысоев, Н.В.Елухина, Э.П.Комарова, Н.Г.Баженова, М.В.Бергельсон) еңбектерінде қарастырылған. Бұл аталған ғалымдар тіл мен мәдениеттің тығыз байланысты екенін зерттеген еңбектеріне шолу жасай келе «Мәдениеттің ең маңызды ұлттық-ерекшелік құраушысы – тіл, себебі тіл мәдениеттің қарым-қатынас құралы болуына ықпал ететін факторлардың негізгісі болып табылады» деген тұжырымға келуге болады [1].

«Мәдениетаралық қарым-қатынас» термині тар мағынасында әдебиетте 1970 – жылдары пайда болды. Сол кезге қарай мәдениетаралық қатынас жағдайларында коммуникативтік сәтсіздіктер мен олардың салдарын зерттейтін ғылыми бағыт та жасақталды. Соңынан мәдениетаралық қарым-қатынас ұғымы аударма теориясы, шет тілдерді оқыту, салыстырмалы мәдениеттану, контрастивті прагматика және басқа салаларға тарады. Қазір мәдениетаралық саласындағы ғылыми зерттеулер тілдік қызметте мәдени шартты айырмашылықтарына және солардың салдарларына душарласқан адамдардың мінез – құлқына бағыт бұрған. Коммуниканттардың ахуалдық тілді іс - әрекеттерді айту және түсіндіру кезіндегі мәдени айырмалары сипаттау зертеу нәтижелері болды. Әуел бастан бұл зерттеулер үлкен қолданбалы мәнге ие болып, кросс - мәдени әсерлікті дамыту жніндегі практикалық сабақтар (тренингтер) үшін сандаған жасалымдарда пайдаланылды[2].

Мәдениетаралық қарым-қатынас қоғамдық феномен ретінде XX – ғасырдан бастап «экзотикалық» деп аталатын мәдениеттер мен тілдерге қатысты ғылыми орта мен қоғамдық санада қалыптасқан мүддемен идиологиялық жағынан бекіген соғыстан кейінгі әлемнің практикалық сұраныстарынан туған. Іс жүзінде бұл сұраныстар көптеген елдер мен аймақтардың қарқынды экономикалық дамуының, технологиядағы революциялық өзгерістердің, осыған байланысты экономикалық қызметін жаһандануының салдарынан шыққан. Нәтижесінде әлем елеулі тарыла бастады— әр түрлі мәдениет өкілдерінің арасындағы ұзақ байланыстың тығыздығы мен қарқындылығы мейлінше өсіп, одан әрі ұлғаюда. Экономиканың өзімен қоса білім, туризм, ғылым, кәсіби және әлеуметтік мәдениет арқылы коммуникацияның аса маңызды аймақтарына айналды [3].

Қазіргі адам баласының мәдени көп алуандылығы өсуде. Оны құрайтын халықтар өз тұтастығы мен мәдени қалпын сақтап қалуға көптеген шаралар жасауда. Адамдар бір - бірінен елеулі айырмашылықтары бар басқа мәдениет өкілдерімен араласып, құраласады. Тілдегі, ұлттық тағамдағы, киім киюдегі, әдет-ғұрыптағы, атқарылған жұмысқа көзқарастағы айырмашылықтар бұл байланыстарды қиындатып, тіпті мүмкін еместей қылады. Қазіргі таңда өмір қайшылықтары әртүрлі халықтар мен мәдениеттердің араласуы мен өзара түсінісу проблемасын барынша қарауды талап етуде.

Этникалық аумақтағы қарым-қатынас, ұлтаралық қатынас мәдениетінің көрсеткіштерін анықтау тұрғысында, сонымен қатар түрлі әлеуметтік-саяси жүйелердегі мәдениетаралық қарым-қатынас мәселесі көптеген зерттеуші-ғалымдардың: А.В. Авксентьев, Т.Ю.Бурмистрова, Н.Н.Гасанов, Л.М.Дробичева және т.б. еңбектерінде көрініс береді.

Мәдениетаралық қатынас кезінде коммуникативтік қиыншылықтар қатысушы мәдениетті құрастырушылардың әртүрлілігінен туады, айырмашылық неғұрлым көп болса, қатынасу үрдісі де соғұрлым күрделірек болмақ. Өзге мәдениет өкілімен араласқанда оның мінез-құлқын өзіміздің мәдени нормаларымыз бен ережелеріміздің негізінде болжай алмаймыз. Бұл кей жағдайда түсініспеушілікке әкеліп соқтырады.

Мәдениетаралық қатынаста туындайтын барлық проблемаларды социолингвистер үш негізгі себепке тоғыстырған:

1) түрлі мәдениеттердегі мәдени құндылықтардың жиынтығының дифференциалды сипаты - мәдени құндылықтардың әрбір жеке алынған жүйесі белгілі бір әлеуметтік топқа тән. Мысалы, бір жатақханада тұратын студенттер әр түрлі дінді ұстанса, мінез-құлықтары да әртүрлі болады.

2) әлеуметтік қатынастар шекарасының айқынсыздығы (нақты шектің болмауы) – жалғыз адам әр түрлі әлеуметтік топтардың мүшесі болып табылады, әр жеке алынған қос индивидуумның қатынастары олардың әлеуметтік мәртебесі тұрғысынан нақты бір мәнді анықтамайды. Мысалы, бастық пен бағынышты адамның қатынасы өндірістік фактормен қоса бір-бірін ұнату–ұнатпаумен, балаларының бір мектепке баруымен, ортақ таныстарының немесе туысқандарының болуымен, не бір спорт клубына мүше болуымен күрделенеді.

3) мәдени топтарда үстем идеологияның болуы. Американдық социолингвистердің пікірінше, дәп осы себептер қатынас сипатын анықтап, оған тиісінше мәдени реңк береді. Әлеуметтік топ мүшелерінің бір – біріне алғыс айтуы, кешірім сұрауы, мақтап-мадақтауы – осының бәрі сол әлеуметтік топтың мәдени құндылықтарын көрсетеді, өйткені сол сөздерді айтқанда адамдар жанама түрде бір-бірінің мінез-құлқын, жетістігін, мінезі мен сырт бейнесін бағалайды [4].

Жоғарыда аталған теорияларға талдау жасай отырып В.Н. Комиссаров баламалық деңгейінің (коммуникативті теория) теориясын жасап шығарды. Осы теория- аударманың ең алғашқы лингвистикалық теориясы. Ол коммуникативті лингвистика ағымына негізделіп, тілді, оның ең маңызды қызметін – қарым-қатынас қызметі ретінде қарастырды.

Қатынастың түрлі тәсілдерінің, амалдары мен стильдерінің үйлесуіне қатысты мәдениетаралық қарым-қатынастың үш негізгі түрі бөлінеді – вербальды, вербальды емес және паравербальды. Бұл еңбекте вербальды қарым-қатынастың түрі қарастырылады, өйткені вербальды қарым-қатынас адамдар қатынасының әмбебап тәсілі болып табылады да, адамдар соның көмегімен түрлі ақпараттың негізгі бөлігін жіберіп, қабылдайды.

Вербальды қарым-қатынас дегенде сұхбаттасушылардың ой-пікірімен, ақпаратымен, көңіл - күй әсерімен бөлісуін білдіретін тілдік қатынасты айтамыз. Вербальды қатынас адам қарым-қатынасының барынша зерттелген алуан түрі болып табылады. Вербальды адам тіліне кез келген басқа белгі жүйесінің көмегімен жасалған хабарды аударуға болады. Мысалы, қызыл жарық белгісі «өтуге болмайды»— «тоқта»— дегенді, спорт жарыстарында басқа қолдың алақанымен жабылған қолды жоғары көтеру «қосымша үзіліс минутын беріңіз»— дегенді білдіреді[5].

С.Арутюновтың айтуынша, «жер бетінде барлық адамдар киініп, тамақ ішіп, жүріп тұрса да, этникалық айырмашылық қалай тамақ ішетінінен, киінетінінен, жүріп тұруынан байқалады. Түрлі мәдениеттердің бір қимылдың әр түрлі мағына беруі, бір мағынаның түрлі айтылыммен, іс қимылмен жеткізілуі мүмкін». Стереотиптік— көрініс басқа этнос өкілінің мінез-құлқын өз мәдениетінен ерекшелігі тұрғысынан түсіндіру кезінде жасақталады. Келесі жағдайда түрлі мәдениеттердегі әдет-ғұрыптың сәйкессіздігін көреміз: неміс мұғалімі Беате көп жыл Үндістанда тұратын әпкесіне келеді. Үндістандықтар оларды кешкі асқа шақырады. Ирене сіңілісіне үндістандықтардың тамақты қолмен жейтінін ескертеді. Қонақтар дастарханға отырды. Беате әпкесінің тамақты қолмен қалай жейтініне қарап, соны қайталауда. Кенет ол әпкесінің әлдебір ым беріп отырғанын, үй иелерінің де абыржулы екенін байқады. Себебін сұрауға үлгертпей Ирене үйіне асыға бастады. Жолда сіңілісіне ұрсып келеді: «Масқаралағаның не?! Сол қолмен тамақ жеп... Енді олар сені ешқашан шақырмайды. Үндістанның салт-дәстүрін білмеу, түсінбеушілікке негіз болған. Үндістанда тамақты тек қана оң қолмен жейді, себебі оң қол – қасиетті. Мұндай жағдай мұсылмандарда да кездеседі. Оң қол қасиетті, нанды оң қолмен жейді. Ал Үндістанда күріш нан сынды қасиетті[6].

Американдық социолингвистердің пікірінше, дәп осы себептер қатынас сипатын анықтап, оған тиісінше мәдени реңк береді. Орта тапты американдықтардың (достардың,

қызметкерлердің, таныстардың) арасында жиі айтылатын қошемет сөздерді мысалға келтірейік. Американдықтар мынандай сөзді жиі айтады: «It's a lovely dress you're wearing!»— «Oh, no, I've got it for years!» — «Сенің көйлегің қандай әдемі!»— «Қайдағы, бұл көйлекке жүз жыл болған шығар!»—Дж.Чиктің түсіндіруінше американдықтар эталитарлы қоғамның мүшесі ретінде қатынаста өзін ашық, еркін және тең ұстайды, және қошамет сөз әлеуметтік шектеулерді теріске шығарудың құралы болып табылады. Яғни, американдықтың сұхбаттасушының қошеметін қабыл алмау себебі мынада: қабыл алса, онда өзін одан жоғары көрсеткендей болады. Ал, мысалы, ақ нәсілді орта тапты оңтүстік африкандықтар бір-біріне қошемет сөзді сирек айтады, айтылғандардың көбін қабылдаумен өзін сұхбаттасушыдан жоғары ұстап, әлеуметтік ара-қатынасын белгілеп алады. Мұны да әлеуметтік теңсіздік (әсіресе билікпен байланысты) заңмен анықталып, бекітілген қоғамның мәдени 3646 құндылықтарымен түсіндіруге болады.

Әлем мәдениетінің саналуандылығының шексіз құндылығын мойындау, отарлаушылық мәдени саясаттан бас тарту, дәстүрлі мәдениеттер мен тілдердің басым көпшілігінің омырылуға бейімділігі мен жойылып кету қаупін сезіну тиісті пәндердің жер шары халықтарының бір – біріне қызығушылығының адамзат тарихындағы жаңа феноменіне сүйене отырып, буырқана дамуына әкелді.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде мынадай қорытынды жасауға болады: әр мәдениеттің өзіндік тілдік жүйесі бар, сөйлеушілер соның көмегімен бір – бірімен қатынасады. Мұнда тіл адам өмірінің түрлі салаларында - өндірістік, қоғамдық, рухани салаларындағы қызметінің нәтижелерінің жиынтығы ретінде анықталатын мәдениеттің құрамдас бөлігі деп пайымдауға болады. Алайда ойдың өмір сүру формасы ретінде, ең бастысы, қатынас құралы ретінде тіл мәдениетпен бір қатарда тұр. Тіл феноменін қарастыруға тікелей назар аударалық. Тіл көріністің осы ерекшеліктерін дамыту мен бекітуде үлкен роль атқарады: тіл арқылы қоршаған әлем бағаланып, түсіндіріледі. Ақиқаттың түрліше түсіндірілуі тілде көрініс тауып, тілдің көмегімен беріледі.

Қорытындылайтын болсақ, лингвисттердің көпшілігінің пікірінше, коммуникативтік, яғни адамдардың аса маңызды қатынас құралы болу – тілдің негізгі және елеулі функциясы. Біздің зерттеуімізде коммуникация жай қатынас құралы емес, түрлі мәдениет иелерінің арасындығы қатынас құралы ретінде қарастырылады, бұл коммуникация үрдісіне культурологиялық көзқарас тұрғысынан қарауды қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. В.Н.Комиссаров. Теория перевода. Москва: Высшая школа, 1990. – 215 с.
2. Персикова Т.Н. Межкультурная коммуникация и корпоративная культура. – М., 2002, 106
3. Гудков Д.Б. Теория и практика межкультурной коммуникации. – М.: ИТДГК «Гнозис», 2003, с. 95-96, 100, 228б
4. Вежбицкая А. Язык. Культура. Познание. – М.,1996. – С. 43-46
5. Грушевская Т.Г. Основы межкультурной коммуникации: учебник для вузов / Т. Г. Грушевская, В. Д. Попков, А. П. Садохин; под ред. А. П. Садохина. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2003. – 352 с.
6. Федоров А.В. Основы общей теории перевода, Москва 2002. – 416 с.

УДК 81'25:81'322

ОСОБЕННОСТИ ПЕРЕВОДА АУДИО-ВИЗУАЛЬНЫХ ТЕКСТОВ В СОВРЕМЕННОМ МИРЕ

Нурмаганбетова Айдана Саятовна

ai_dana@mail.ru